



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Ұлттық Банк **ШАҢЫРАҒЫҢЫЗ ШАТТЫҚҚА TOLSYN** коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады

Астана қ.

2024 жыл, 1 қазан

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Жүректен жүрекке» монеталар сериясынан **ШАҢЫРАҒЫҢЫЗ ШАТТЫҚҚА TOLSYN** коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.

Монеталар **2024 жылғы 3 қазаннан бастап** ҚҰБ-тың <https://kazcoins.nationalbank.kz> интернет-дүкені арқылы сатылады.

ШАҢЫРАҒЫҢЫЗ ШАТТЫҚҚА TOLSYN коллекциялық монеталары туралы

ШАҢЫРАҒЫҢЫЗ ШАТТЫҚҚА TOLSYN монетасы әлемде бейбітшілік орнасын, әр отбасына береке келсін деген идеяны насихаттайды. «Шаңырағыңыз шаттыққа толсын» – бейбіт заманда тату-тәтті өмір сүр, әр отбасында тыныштық болсын, жылулық ұяласын деп күллі адамзатқа айтылған ізгі тілек.

Монеталар күмістен жасалған. Сынамасы – 925/1000. Монета массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, номиналы 1 000 теңгелік, таралымы – 2 000 дана.

Монетаның бейнесі



Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өзінің белгіленген құнына сай төлемнің барлық түрі бойынша қабылдауға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алуға, аударуға, ұсақтауға және айырбастауға жатады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz